

**Ўзбекистон Республикасы Жоғарғы және орта
арнаулы білім беру уәзірлігі**

ГУЛСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕСИТЕТИ

«Шет тілдері» ФАКУЛЬТЕТИ

«Орыс тілі және әдебиет» КАФЕДРАСЫ

8-12-топ студенті *Бердиярова Диянаның*

**«Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын мектепте
оқытудың тиімді жолдары» атты**

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Ғылыми жетекші: «Орыс тілі және әдебиет» КАФЕДРАСЫ

оқытушысы: Өтегенов Ж.

Бітіру мамандық жұмыс кафедрада алғашқы қорғаудан өтті.
Хаттама .. 05. 2016

– санды

Гүлстан – 2016 жыл

Бітіру мамандық жұмысы Гүлстан мемлекеттік университетінің 2016 жыл ...
апрельдегі і ...-санды бұйрығымен бекітілген. Мемлекеттік аттестация

Комиссиясының _____ санды жиналысында талқыланды

Және « _____ » балмен (_____) бағаланды.

Бітіру мамандық жұмысы «Шет тілдер» факультетінің 2015 жыл « _____ »
_____ дағы _____ санды ғылыми-методикалық кеңесі
қаулысымен Мемлекеттік аттестация комиссиясына қорғау үшін ұсынылды.

Факультет деканы:

Е.Хамдамов

Бітіру мамандық жұмысы «Орыс тілі және әдебиет» кафедрасының 2016
« _____ » _____ дағы _____ санды жиналысында талқыланды
және қорғау үшін ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі:

С.Кулбаева

БМЖ орындаушы» 5120100-Қазақ филологиясы» бағытының 8-12
студенті _____ Бердиярова Д.

Ғылыми жетекші: **«Орыс тілі және әдебиет» КАФЕДРАСЫ**

оқытушысы Өтегенов Ж. _____

Гүлстан – 2016жыл

Жоспар

Кіріспе

I тарау. Мұқағали Мақатаев және қазақ әдебиеті

1§. Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен өскен ортасы.

2§. Мұқағалидың ақындығы мен шығармашылығы

II тарау. Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын қазақ мектептерінде оқытудың тиімді жолдары.

1§. Поэзиялық шығармаларды оқытудың тиімді жолдары

2§. Мұқағали Мақатаевтың лирикаларын оқыту әдістері

III. Қорытынды.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Мазмұны

Кіріспе.....	3-6
I тарау.Мұқағали Мақатаев және қазақ әдебиеті.....	7-11
§1.Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен өскен ортасы.....	7-11
§2.Мұқағалидың ақындығы мен шығармашылығы.....	12-18
II тарау.Қазақ мектептерінде Мұқағали Мақатевтың шығармашылығын оқытудың тиімді жолдары.....	19-26
§1.Поэзиялық шығармаларды оқытудың тиімді жолдары.....	19-26
§2.Мұқағали Мақатаевтың лирикаларын оқыту әдістері.....	27-43
III.Қорытынды.....	44-46
IV.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	47-50

Кіріспе

Біліктілік бітіру жұмысының жалпы сипаттамасы

Біліктілік бітіру жұмысым тақырыбының өзектілігі:

Елімізде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ана мен баланы қорғау мәселесіне әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі ретінде қаралуда. Үстіміздегі жылдың «Дені сау ана мен бала жылы» деп жариялануы да соның тағы да бір іс-жүзіндік көрінісі болды.

2016 жылғы 9-ақпанда бекітілген «Дені сау ана мен бала» Мемлекеттік бағдарламасында осы бағытта жүзеге асырылып жатқан жұмыстарды одан да әрі күшейтуге арналған кешенді іс-шаралар көзделген. Рухани және физиологиялық тұрғыдан салауатты, кемел ұрпақты тәрбиелеу, жастардың, әсіресе, қыздардың дарыны мен әлеуметтік жүзеге шығару үшін кең мүмкіндіктер жарату маңызды міндеттердің бірі болып саналады.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы депутаттарының 16 пайызын, Сенат мүшелерінің 17 пайызын әйелдер құрайды. Бүгін 14 әйел Отанымыздың ең жоғары сыйлығы – Өзбекстан қахарманы - атағымен марапатталғаны әйелдерге көрсетіліп жатқан назар мен құрметтің жарқын үлгісі.

Әрбір қоғамның мәдени дәрежесі мен рухани кемелділігі әйелдерге деген қарым-қатынаспен белгіленеді, - деп айтады Президентіміз Ислам Абдуғаниевич Каримов. Осы тұрғыдан Мемлекетімізді ең мәдениетті, жоғары руханиятты елдердің бірі деуге болады. Ананы қадірлеу – халқымызда жоғары құндылық. Отанды-Ана, Ананы қасиетті деп санауымыз осыдан, - деп айтқан болатын. Сондықтан да біз жастар, ғылым жолында көп ізденіп, келешекте ел үшін аянбай еңбек етіп, ұрпақты саналы тәрбиелеуге бел байлауымыз шарт деп ойлаймын. «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер» демекші, біз – жастар ғылыммен айналысып, талай шығармашылық еңбектер жазып, кейінгі жастарға үлгі болсақ, келешегіміз жақсы болар.

Сондай жұмыстардың бірі - менің «*Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын жалпы орта білім беретін мектепте оқыту*» - деп аталатын біліктілік бітіру жұмысым.

Аса бай, әрбір сөздің сиқырлы бояуын жан тәнімен нәзік сезінген Мұқағалидың тілі оқырманның жүрегін жаулап аларлық нәрлі тіл. Ол көл бетінің сұлулығына қызыға қарап, тұңжыраған тауларды, көк майсаны, таңның бозарып атқанын, бүкіл қоршаған ортаның әр бөлігін тек өзіне тән ерекшеліктерімен бірге сипаттай білген. Поэма адамдық әдет гұрыпты, дәстүрді қастерлеуге, халық қасиетті санаған нәрсеге қол көтермеуге шақырады. Мұқағали бұл поэмасында

тазалықты, пәктікті терең түсінетін адамзатқа сырын төккісі келгендей. Поэма адамды терең ойларға шомдырып, өзіне електіріп алып кетеді. Ақынның осы поэмасы оқырманның жүрегінде өшпес із қалдырары сөзсіз.

Осы тақырып арқылы оқушылардың сана-сезіміне әсер ете отырып, сөздерді дұрыс қолданып, өз ойларын нақты әрі көркем етіп жеткізу үшін қызмет етеді.

Біліктілік бітіру жұмысының мақсаты мен міндеттері: -негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет беру. қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіндегі арнаулы әдіс, халықтық туындылардың сырын ашу, әдебиеттің басқа ғылымдармен байланысын анықтау, түрлі жанрларда жазылған дастандар мен тұрмыс-салтқа байланысты жазылған жырлармен таныстыру.

Пәннің міндеті– халық әдебиетінің сипаты мен ерекшеліктері бөлімінен басталатын тараулар қазіргі ауыз әдебиетінің негізгі бағытын, алдағы проблемаларды айқындауға арналған. қазақ халқының ауыз әдебиетінде ауыз әдебиетінің әлеуметтік маңызы, тұрмыс-салт жырлары, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, эпостық және лиро-эпостық жырлар туралы мәселелер қарастырылады.

Әдеби тілді және оның тарихи даму кезеңдерін, стильдік тармақтарын түсіндіру. Сонымен қатар студенттердің алған теориялық білімін іс жүзінде бекіту, тіл тарихына байланысты шешімін таппай келе жатқан мәселелерді, әдеби тіл мен ауызекі тілдің өзара байланысын, әдеби тілдің қалыптасуындағы ауыз әдебиетінің ауыз әдебиетінің қызметін ашып көрсету де – бұл саланың басты міндеті болып табылады.

Жұмыстың негізгі мақсаты – қазақ әдебиетіндегі Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын есімнің мағыналық әрі теориялық жағынан, әрі практикалық, әрі әдістемелік тұрғыдан толық меңгеру, әсіресе, Мұқағалидың өскен ортасы, Мұқағалидың қазақ поэзиясындағы өз орнын мектеп қабырғасында, яғни жоғары сынып оқушыларына түрлі жаңа педагогикалық технология әдіс-тәсілдері арқылы оқыту сынды

мәселелер бүгінгі кіші-гірім ғылыми жұмысымыздың негізгі міндеттерін құрайды.

Біліктілік бітіру жұмысы тақырыбының зерттелуі:

Білім алуға бағытталған тақырыптар мазмұны лекциялық, практикалық сабақтар негізінде құрылып, олардың пән бойынша алған білімдерін кеңейтумен бірге, өз бетінше еркін іздену дағдыларын қалыптастырады.

Бұл кезеңде қазақ әдебиет тарихы белгілі жүйеге салынып зерттеліп, белгілі дәуірге бөлінуі: жеке-жеке қаламгерлердің әдебиеттен алатын орнын анықталуы мектеп оқулықтарының монографиялық еңбектердің өмірге келуі. Абайтану ғылымының өрісі және зерттеушілердің легімен баюы қазақ әдебиет сынының әбден жетіліп, профессионалдық дәрежеге көтерілуіне себепші болды.

Қазақ әдебиеті бір топ сыншылар жасығының қосыла түсуі: Ысқақ Дүйсенбаев, Қайнекей Жармағамбетов, Қайым Мұхамбетқанов, т.б. сияқты сыншылар қатарына жаңа толқындар мен байып, дами түскендігі. Бұл ретте Айқын Нұрқатов, Қалижан Нұрмаханов, Заки Ахметов, З. Қабдолов, Т.Кәкішов, т.б. әдебиет сыншылары

Сонымен, біз жоғарыдағы зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып осы біліктілік бітіру жұмысымызды амалға асырдық.

Зерттеу әдісі: Біліктілік бітіру жұмысында салыстырмалы-тарихи, ақылға шабуыл, жорға ойыны, сұрақ-жауап, кластер және венн диаграммасы технологиялары сияқты әдістерден пайдаланып, зат есімнің септелуі және оның түрленуі жүйелі түрде талданған.

Біліктілік бітіру жұмысы тақырыбының таңдалуы мен талқылануы. Біліктілік бітіру жұмысы тақырыбы Гүлстан мемлекеттік университетінің Шет тілдер факультеті «Орыс тілі және әдебиет» кафедрасында талқыланған, сонымен бірге сол кафедрада сынақтан өткен және ашық қорғауға ұсынылған.

Біліктілік бітіру жұмысының практикалық маңызы. Біліктілік бітіру жұмысындағы Мұқағали Мақатаев жайлы теориялық мәліметтер мен методикалық әдіс-тәсілдер орта білім беретін мектептертердің б-сынып оқушыларын оқыту барысында пайдаланылады. Сонымен бірге ондағы келтірілген түрлі дидактикалық материалдар мен слайдтардан құралған презентациялар барлық қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне керек болады.

Біліктілік бітіру жұмысының құрылысы мен көлемі: Біліктілік бітіру жұмысын талданған материалдардың бағыт-бағдары негізінде төмендегіше сипаттауға болады: жұмыстың жалпы сипаттамасы, екі негізгі тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі. Жұмыстың жалпы көлемі *60 бетті* құрайды. Жұмыстың соңында тақырыптың презентациясы берілген.

ІТ АРАУ. Мұқағали Мақатаев және қазақ әдебиеті.

§1. Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен өскен ортасы

Шынайы поэзия өкілі, ғажайып ақындардың бірі Мұқағали Мақатаев қазіргі

Алматы облысы, Райымбек ауданындағы Қарасаз аулында 1931 жылы 9

ақпанда дүниеге келді.

Балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келген Мұқағали өлеңді он-он бір жасынан

жаза бастайды. Алғашқы өлеңдері аудандық газетте жарық көрген. Ол мектепте әдебиет пәнінен сабақ берген. Сонымен қоса аудандық газетте қызметкер болып істейді. Ақын Алматы шет тілдері институтының неміс тілдері ҚазМҰУ-дың филология факультетінде, Мәскеуде Максим Горький атындағы Әдебиет институтында білім алады. Көзі тірісінде ақынның 8-кітабы жарыққа шықты. Ол аударма жанрымен де айналысқан. Дантениң «Күдіретті комедиясының» «Тамұқ» атты бөлімін, Шекспирдің «сонеттерін» ана тіліне аударған. Ақынның бізге жеткен «Жан азасы», «Райымбек, Райымбек», «Аруана» сынды поэмалары жетіп келген.

Мұқағали жыр еліне ауыз әдебиетінің мөлдірінен сусындап, Ұлы Абайдың тереңіне бойлап, өзіне дейінгі ақындарды пір тұтып, орыс пен Еуропа, шығыс әдебиеттерінен тәлім алып келген ақын.

Оқырман ақынның кез келген өлеңін бейтарап, салқын оқи алмайды. М. Мақатаев өзінің естелігінде былай деп жазыпты: «Егер бір кездерде менің өмірім, шығармашылығым әлдекімнің көңілін аударса, оларға блай дер едім:

-Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауыңызды өтінем. Естеріңізде құдды дауысындай... Жанымның мұңы мен қуанышы, бәрі сонда. Солар басқа жүректерге тиіс деп ойлаймын. 14 ақпан 1976 ж.»

Сөз жоқ, Мұқағали шығармалары оқушысының жүрегіне сәуле түсіреді. Себебі ақын туған жерін, туған халқын, ана тілін жанындай сүйді. Оның кез келген шығармаларынан жердің, елдің биік рухы сезіледі. Өздерің оқып жүрген «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын тебіренбей оқу мүмкін емес.

Өзен де жоқ сыймаған арнасына,

Жылға да жоқ даламен жалғасуға.

Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,

Қалай біткен мына көл тау басына?!

Мөлдірейді ,қарайды қарға, шынға,
Жалғыздықтан жамандық бар ма,сірә?
Қанша ғасыр өтті екен,қанша заман?
Қанша ұрпақ кетті екен,қаншама адам?
Қанша шырша өсті екен,құлады екен,
«Жетім көлге» қараудан шаршамаған?
«Жетім көлден» су ішкен қанша марал?
Қанша киік қалды екен сай-салада?
Қанатынан үзіліп ән-самала,
Қаншама аққу кетті екен- аңсаған ән?
Ортаймаған «Жетім көл» толмаған да,
Болған өмір ұқсайды болмағанға.
Сызат та жоқ бетінде, сызық та жоқ,
Айдынына аққуы қонбаған ба?!

Қызғыштары қиқулап,қорғағанда,
Сорлағанға ұқсайды,сорлағанға,
Шүрегейлер айдынын қорлағанда,
Көкқұтандар қанатын қомдағанда...
Бей дүние-ай,аққулар оралғанда,
Айдын көлдің иесі жол алғанда,
Жетісіп бір «Жетім көл» қалаушы еді-ау,
Тынушы еді-ау теңселген қара орман да.
Таянғанда аққулар қонар маңға,
Басушы еді-ау,байызын бар арман да!

Қанатынан аққудың балапандап,
Ән ұшатын сымпылдап таң атарда.
Сүйінші бер дегендей бір толықсып,
Сыбырлайтын «Жетім көл» Алатауға.
Тына қалып бұлбұл да жаға – талда,
Қарайтұғын айдынға, ақ отауға.

Мұқағалишығармалары 1960-1970 жылдары үздіксіз басылады, бұл жылдарды ақынның қазақ поэзиясының биік шыңына көтерілген уақыты деп санауға болады.

Ауыл орта мектебін 1948 жылы бітіріп, өз ауылында комсомол, кеңес қызметтерінде болған. Кейін аудандық газетте әдеби қызметкер, Қазақ радиосында диктор болған, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімін басқарған. Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясында әдеби кеңесші қызметін атқарған.

Тырнақ алды туындылары Нарынқол аудандық «Советтік шекара» (қазіргі «Хан тәңірісі») газетінде 1948 жылдары жариялана бастаған. 1954 жылы бір топ өлеңі «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында, одан кейін бір шоғыр жыры Ә.Тәжібаевтың сәт сапар тілеген сөзімен «Қазақ әдебиетінде» жарияланған.

Аз ғұмыры ішінде бірнеше лирикалық жыр жинағы мен дастандарын ұсынған. Жыр аудармасы саласында Шекспирдің сонеттерін, Дантенің «Құдіретті комедиясын» қазақшалады. Ақынның «Саржайлау», «Сөнбейді, 3 әже, шырағын», «Кел, еркем, Алатауыңа» өлеңдеріне сазгер Н.Тілендиев ән шығарған.

Ақын тұрмыс тауқыметін тарта жүріп, әпербақан сынға ұшырағанда да

"Ақынның ақындығы атақта емес, арда ғана" деген байламды берік ұстап, шеншекпенге де, лауазым-атаққа да қызықпаған.

М.Мақатаев қаламынан "Қарлығашым, келдің бе?", "Дариға жүрек",

"Аққулар ұйықтағанда", "Шуағым менің", "Өмір-дастан" т.б. жыр жинақтары

туған. Қырық бес жасында қайтыс болған соң, Мұқағалидың екінші өмірі -

өлмес ғұмыры басталды. Ақынның артында қалған мол мұрасы: "Соғады

жүрек", "Шолпан", "Жырлайды жүрек", "Өмір-өзен" т.б. жыр кітаптары, "Қош, махаббат!" атты прозалық кітабы оқырманның қолдан-қолға түспей, іздеп

жүріп оқитын шығармаларына айналды.

Өмірді сүюдің ғажайып үлгісін көрсеткен ақын Мұқағали "Жан азасы"

(реквием) поэмасында өмір туралы гимн туғызды. "Аққулар ұйықтағанда"

поэмасында ел наным-сенімін қастерлеу, сұлулық үндестігін жыр етсе,

"Райымбек, Райымбек!" дастанында ел тарихын, ел басына қатер төнгенде

қолына ту алып, жауына қарсы аттанған Райымбек Хангелдіұлының ерлігін

суреттейді.

М.Мақатаев поэзиясы жұмыр жердің барлық мәселесіне араласқан, кең, ауқымды тақырыпты қамтиды. Оның туған жер, адамдар тағдыры, өмір мен

өлім, ана мен бала, ақын мен ақындық, соғыс тауқыметі т.б. тақырыптағы

лирикасы қайталанбас ұлттық сипатта, ұлттық зермен кестеленген.

Әдебиетті жіктеу дәстүрі Аристотельдің «Поэзия өнері туралы» трактатынан басталып, әдеби тектерді қалыпты поэтика деп қарастырған француз классицизмінде, сондай-ақ Гетеден Гегельге дейін қамтитын неміс классикалық эстетикасында жалғасын тапты.

Ең алғаш рет ежелгі грек философы Аристотельдің «Поэзия өнері жайында» атты трактатында (б.д.д. IVғ) белгіленген әдеби тектер дамудың ұзақ жолына өтіп, сан қырлы ғылыми және философиялық тұрғыдан қарастырылды. Ал, неміс философы

Г.Гегель еңбектерінде үш тек идеясы философиялық-логикалық жағынан негізделеді. Гегель пікірі бойынша, эпос шығармашылықтың объективті бастауына сәйкес келеді, лирика субъективтілікке драма өз бойына объективтік пен субъективтілікті бірдей тоғыстырады. Басқаша айтқанда, эпикалық туындыларда оқиға, лирикада әсер, драмада әрекет басым болады.

Кейінгі дәуірдегі әдебиеттанушылар бұл мәселеге шығармашылық тұрғыдан келеді. Мысалы, В.Г.Белинский XIX ғасырдағы Ресей әдебиетіндегі түрлі әдеби тектердің өзара сабақтастығын заңды түрдегі даму үрдісін көре білді.

Түйіндей келгенде, жазушы бейнелеген өмір суреттерінде дүние мен адам қарым-қатынасын белгілейтін шығарма құрудың тәсілдері әдеби тектер болып табылады. Сәл басқаша айтқанда, әдеби тектерді әдеби шығармашылықтың жанақы типі деуге де болады.

Мұқағали – лирик, ақын. Ақын қалдырған мұраның бәрі – түгел дерлік, жүрек отының жалынындай, терең толғаныстардың туындылары, адамның сезім сырнайын тарта білген сыршыл да шыншыл поэзия, әрбір сөзі жүректі елжіретер, жаныңды жадыратар жастық лебіне суарылған нұрлы. Оның поэзиясы елжіреп-егілген күйініштің қайғы-зары емес, жаны жаралы жастық қайсарлық пен қайратқа толы ащы үнін естіртер өрелі де өткір. Азамат басына төнген қалың қара бұлыттың тыныс тарылтар қапырығы ғана емес, нөсер жауып алдындағы жан жадыратар аспанның ақша бұлттары, жерді исінтіп, жұпар шашар жаңбыры сияқты. Мұндай қасиеттер ең алдымен ақынның ғашықтық лирикаларына тән. Қазақтың сан сұлуларына арнап салған асқақ әні, соларға бағыштаған ғашықтық сырға толы хат ретіндегі көркем сөз өрнегін төккен кестелі керемет өлеңдер

§ 2. Мұқағалидың ақындығы мен шығармашылығы.

Мұқағали өлеңдері сахараның өзіндей сырлы, даланың өз бояуындай өрнекті, көктемнің өзіндей көрікті. Түпсіз аспаны мөлтілдеген жасыл тандай бояу-нақыш төгіле береді.

Өзегі жалын бұл балаң,

Шағаласы баршулаған.

Теңіздің сыры белгілі.

Тек жазу үшін тумаған!

«Отаным, саған айтам» атты лирикалық осы толғауында ақын бір сәтте құшақ-құшақ от ұшырған найзағайды суреттесе, іле төсінен төбе-төбе толқын лақтырған долы теңізді бейнелеп кетеді. Осылайша арасы алшақ екі әлемнің ортасына сезім жібін жалғастырған ақын жүрегімен астасқан аласапыран толқынды көреміз, аспанда найзағай жарқылдап, теңіз буырқанып жатқандай, ақ нөсердің астында қалғандаймыз. Лирикалық кейіпкердің «жасын ұрлаған» әжеттігі көкірегіңізді күмбірлетер, жүйкеңізді шымырлатар ой толғағына айналады.

Мен нағыз махаббатты армандаймын,

Оны мен жоғалтып та алғандаймын.

Ақ қаздар арасынан аққуымды

Ажырата алмаған сормандаймын.

Жұмсақ мұң, отты ой, толқымалы сыр-ақын жырының қасиеті. Ақын Мұқағали жыры «жалынан жұлдыз» ұшырып, желмен жарысқан тұлпардай зуылдап өте шығады.

О, жастық!

Сен өлгенде, мен өлемін,

Сенсіз мен қиылған бір бөренемін.

Көнеремін, білемін, көнеремін,

Көгере бер мәңгілік, сен өлеңім.

Жыл сайын жаңарып келер, жайқалып келер көктем жыр бояуы солғын тартпай
жүректерді тебіrentуде:

Сәби болғым келеді

Құс та болғым келмейді!

Қанатым бар..

Қанатым бар күмістен жаратылған.

Сәби болғым келеді, сәби болғым,

Мына өмірден хабарсыз, жаңа туған.

От та болғым келмейді!

Жылуым бар.

Жылуым бар, керекпе жылыныңдар.

Әлди болғым келеді, әлди болғым -

Күн сәулесі ойнақтап тұлымында,

Отыратын анасы құлынымдеп.

Қанаттанып өмірге ұшарымда,

Кесіlmесін бәрібір тұсауым да.

Сәби болғым келеді, сәби болғым,

Сәбиі жоқ Ананың құшағында.

Тар бесігі - кең жаһан тарылмаған,

Біреуге бар, біреуге табылмаған.-

Сәби болғым келеді, сәби болғым,

Ана сүті аузынан арылмаған.

Қай халықтың әдебиетінде де поэзиялық туындылардың алар орны айрықша.

Поэзия дегенде ойымыз өлеңге ойысатын да түсінікті. Сонда, өлең дегеніміз өзі не?

Бұл сұраққа жауап беру үшін төмендегі екі сұраққа жауап беруге тура келеді. 1) Өлеңнің прозадан айырмашылығы қандай? 2) Бір өлеңнің екінші өлеңнен айырмашылығы қандай?

Бір қызығы осылардың ішіндегі ең қиыны - алғашқы сұрақ. Егер оны әр түрлі жастағы адамдарға қояр болсақ, мектеп жасына жетпеген балдырған:

«Өлең қысқа-қысқа жолдармен жазылады», оқушы «өлеңде ырғақ пен ұйқас болады», студент «Өлең-лирикалық қаһарманның сан қилы көңіл- күйін танытатын тілдің ерекше құрылымы» деп жауап берер еді. Үшеуіде дұрыс жауап берді, бірақ өлеңнің анықтамасына жақынрағы балдырғанның жауабы.

Өйткені біздің түсінігімізде қалыптасқан «өлең» грек тілінде «қатар, жол» деген мағына беретін «slichos» латынның «бұрылыс» өзектес.

Енді «өлең дегеніміз не? деген сұраққа жауап қарастыралық.

Белгілі әдебиет теоретигі, академик З.Қабдолов: «өлең-еркін сөйлейтін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі» деп тұжырым жасайды. Және бір тұста «поэзия дейтініміз - өлеңді шығармалар» (Сөз өнері-А,1982 254-255 б) деген ой айтады.

1998 жылы жарық көрген «Әдебиеттер сөздігі» атты еңбекте «өлең» терминінің бірнеше мағыналық қолданысы көрсетілген.

1) ән өлең, ән салып, ән шырқап айтатын өлең, яғни музыкалық өнер.

2) көбінесе жеңіл, ықшамды ғана әуенмен, мақаммен айтылатын өлеңдер, жырлар, ауызша поэзия туындысы.

3) оқылатын, сөйлей алатын өлең, жазба поэзияның туындысы

(249 б)

Ал өлеңге тән дыбыстық бөлшектерге шумақ, тармақ, бунақ, ырғақ жататыны белгілі.

Әдебиеттануда «өлең құрылысы» немесе «версификация» деген түсінік бар. Яғни бұл сөз «өлең құрастырушылық» деген мағына береді. Бір дәуірдегі өлеңнің

басты айырмашылығы - тармақ өлшемінде. Көркем мәтін белгілі бір өлшемге негізделген тармақтарға бөлінеді, тармақ реттілікке бағынады.

Тармақ сөзбен, бунақпен, буынмен өлшенеді. Барлық тілдегі өлең тармағының негізгі өлшем бірлігі – буын. Буынның фонетикалық негізгі сипаттарына әуез, сан, екпін сияқты белгілері алынады да, соған орай өлең жүйелері метрикалық, силлабикалық, тоникалық, силлабо-тоникалық болып сараланады.

«Менің Мұқағалиым» атты шығармасын оқып, оған пікір айтып ой салыңдар.

Менің Мұқағалиым

Мәңгілік өмір салтанатының жасыл жайлауын бетке алған осынау жампоз жырлардан тау мен теңіздің, жусан мен жаңбырдың иісі аңқып, біздің даланың лебі еседі. Бұл-мәңгілік жырлары.

Фарица Оңғарсынова

Мен- қарапайым қазақ қызымын... Фәниден бақиға дейінгі ұзақ сапарымда тек үш киелі ұғымды пір тұтамын. Олар: туған анам, туған жерім және туған тілім. Мен қазақтың байтақ даласында, көк майса шөбінің үстінде бауырларыммен тебісіп ойнап, туған жерімнің топырағын сүйіп, қадірлеп өскенмін. Осындай жүрек, рух және де сезінерлік сезім сыйлағаны үшін, ең алдымен, туған елімнің қасиетті өлеңдеріне алғысымды айтқым келеді. Ең тұңғыш рет өлең деген таң гажайып әлемнің есігін абай жолдарымен аштым. Ал Мұқағали өлеңдерін оқи бастағаннан бері поэзияға ерекше бауыр бастым. Литцей қабырғасында өткен «Мұқағали – мәңгілік гұмыр» атты әдеби кеште біз Мұқағали өмірінің шындықтарымен кеңінен таныстық. Ұлы ақын Мұқағалидың соғыстың уақытымен тұсна-тұс сұрапыл балалық шағына да толығымен танықтық. Ол он жасында өзінің жазған өлеңін ақшаға айыр бастағанда, мұндай қатыгез заманға назаланған анасына: « Әлі өлеңнің көкесін көресін!» - деп жұбату айтыпты. Сол бал дәурен шағындағы әкесін сағынып жазған өлеңдерінен-ақ, ұлы поэзияның әліппесі байқалғандай.

Мұқағалидың әр өлеңі мен үшін өзіндік бір дүние. Ол – поэзия дүниесі. Мұқағалидың өлеңдерін біз ерексіз кеземіз, қызыға қанығамыз. Оның келешек ұрпаққа аға ретінде айтқан сөздеріне қайран қалып, санамызға ықыласпен тоқимыз.

*Жылап келіп, келмейді жылап кеткім,
Ол ғұмырды келеді бір-ақ тепкім.
Жамандықты жақсартып, жақсылықты
Онан әрі келеді шұақты еткім.*

Мен Мұқағалидың халық еңсесін әлдеқайда жоғарылататын өлеңдеріне тәнті боламын. Оның: «Қазақтың қара өлеңі – құдіреттім!» деп толғағанына құшырлана сүйсінемін. Бірақ асқақ та әсем сезімдерге толы өлеңдерінің ішінен менің жанымға таныс әрі ыстық тиетін «Аққұлар ұйықтағанда» поэмасына тоқталғым келіп отыр.

«Аққұлар ұйықтағанда»- Мұқағали өнерінің шыңы. Адамның көңіліне ерекше қонымдылығы бар бұл поэма ақиық ақынның жинағындағы рухы биік поэмаларының санатында. Мен өзім тірі аққұды көргенім жоқ, бірақ бұл поэманы оқып отырғанда көз алдыма жанды бір аққұ бейнесі пайда болды.

*Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!
Бір мамығы майысса ауырсынып,
Тұмсығын тарақ қылып, тарайды кеп,
Тарайды кеп, тарайды қауырсынын.
Құм тұрса да бір түйірауырсынып,
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!*

Мұндай ерекше талғам мен ұйқас әрбір өлең шұмағында кездесе бермейді. Бірақ өлең жазғанда Мұқағали тек ұйқасқа қарап қоймайды. Мұқағали үшін өлең жазу өлең сүйер қауыммен сырласу, оқырманға өз жүрегін паш ету.

Поэманың екінші бөлімінде соңғы үміті үзілген, ең соңғы шырағы өшкен байғұс ананың далбасасын көреміз. Баласы үшін бар дүниені тәрек еткен ана лажсыздықтан қасиетті құсқа қол көтереді. Бірақ аққұды өлтіріп, көлдің шырқын бұзғанымен, ананың тілегі, орындалмайды. Керісінше бала өліп, ана есінен адасады. Бұл жерден біз табиғат пен адам арасындағы үндестікті бұзуға, сұлулықтың, пәктіктің, тазалықтың тұнығын лайлауға болмайтындығы жайында ақынның ауыр үкімін естігендейміз.

Тыныштықта жатқан сайын даланы, асыр салып сарқыраған мөлдір бұлақты, ұйқыға шомып кеткен асқар тауларды тіршілікпен қатар қоя отырып суреттеу тек Мұқағалиға тән өзгешелік десем, ешкімнің күмәнданбайтынына сөзсіз сенемін. Аса бай, әрбір сөздің сиқырлы бояуын жан тәнімен нәзік сезінген Мұқағалидың тілі оқырманның жүрегін жаулап аларлық нәрлі тіл. Ол көл бетінің сұлулығына қызыға қарап, тұңжыраған тауларды, көк майсаны, таңның бозарып атқанын, бүкіл қоршаған ортаның әр бөлігін тек өзіне тән ерекшеліктерімен бірге сипаттай білген. Поэма адамдық әдет гұрыпты, дәстүрді қастерлеуге, халық қасиетті санаған нәрсеге қол көтермеуге шақырады. Мұқағали бұл поэмасында тазалықты, пәктікті терең түсінетін адамзатқа сырын төккісі келгендей. Поэма адамды терең ойларға шомдырып, өзіне електіріп алып кетеді. Ақынның осы поэмасы оқырманның жүрегінде өшпес із қалдырары сөзсіз.

Көзі тірісінде ешбір сый, тарту көрмеген ақын, қазірде халқының бере алмаған сыбағасын молынан алуда. Мұқағали өлеңдерімен сәбиін тербетіп, қызық тойларын өткізуде. Шығарманың соңғы нүктесі қойылуға жақындай келе рухы биік, жаны мөлдір, ары таза, иенің жасуындай жасандылығы жоқ, жалын мен оттан жаралған өлеңдерді жазу бақытына ие болған қазақ поэзиясының классигі Мұқағалиға «халқының махаббатына бөлене бер, ақиық ақын, барыс бейнелі болашаққа, жиырма бірінші ғасырға қош келіңіз!» дегім келеді.

Итарау.М.Мақатаевтың шығармашылығын мектепте оқытудың тиімділігі.

§1.Поэзиялық шығармаларды оқытудың тиімді жолдары.

Лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының, жанрының бірі, басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Оған тартымды қуат-күш дарытатын, терең оймен суарылған, нәрленген жалынды сезім. Лирикалық жанрға ауыз әдебиетіндегі өлеңнің барлық түрлері – еңбек туралы, төрт түлік туралы өлеңдер, тұрмыс-салт жырлары, нақыл-өсиет жырлар, терме, толғау, тақпақ секілді нұсқалар жатады. Жазба әдебиет өркендеген кезде жаңа түрлер – саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, көңіл-күй лирикасы, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы қалыптасып, дамиды. Табиғат лирикасы – лирика жанрының бір түрі, ақынның ішкі жан дүниесі оның әр түрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар.

Әдебиетті оқытуда қолданылатын кейбір әдіс-амалдарға қысқаша тоқталып, олардың әдебиетті оқып үйренудегі қандай мәселелермен байланысты қолданылатынын әңгімелейік.

Әдебиетті оқытуда қолданылатын негізгі әдістің бірі—**лекциялық әдіс**. Бұл әдіс негізінен IX—X сыныптарда қолданылады. Алайда *ретті жерінде VIII сыныпта да қолданылады. Мысалы, тарихи-әдеби шолулар, ақын, жазушының өмірі мен творчестволық қызметіне сипаттама, әдебиеттің тарихы мен теориясына байланысты мәселелерді жинақтап қорыту, көркем шығарманы талдау т. б.* Мектепте әдебиетті оқытуда әдіс-амалдардың бұлардан басқа да түрлері бар. Мысалы, *сөз жарысы (айтыс) баяндама жасау, ауызша мазмұндау, жазба жұмыстардың түрлері т. б.* Бұл айтылған негізгі әдіс-амалдардан басқа алуан түрлі көмекші әдіс-тәсілдер де бар. Мысалы, көрнекіліктің әр алуан түрлерін пайдалану, қолдану, қажетті нәрселерді тақтаға жазып, сызып, сүйретін салып көрсету, кино-сабақтар ұйымдастыру, әдебиеттік сипаты бар түрлі серуен, экскурсиялар жасау, сыныптан тыс оқу, әдеби-творчестволық, драммалық, мәнерлеп оқу сияқты үйірмелер, техникалық құралдарды пайдалану (проекциялық фонарь, патефон, магнитофон, радио, телевизор т. б.).

Тексеру әдісі оқушылардың қазақ әдебиетінен өткен тақырыптарын қаншалықты меңгергендігін байқатады. Ол оқушылардың дағдыларын тексеру үшін арнайы өткізіледі. Осы мақсатпен жүргізілетін тексеру сабағына мына сияқты методикалық талаптар қойылады: теориялық ілімнің қаншалықты меңгерілетіндігін аңғарту; алынған мәтіндердің

жетік, объект жағынан толық болуы; қойылатын сұрақтардың тақырыпқа тығыз байланысты болуы; жазба жұмыстарының мақсаты анық болуы. Оқушылар білімін тексеру сабағы төмендегі жұмыс түрлері бойынша жүргізіледі:

- 1) оқушылар білімі ауызша сұрақтарға жауап беру арқылы тексеріледі;
- 2) жазба түрдегі сұрақтар арқылы тексеріледі;
- 3) тақтадағы сұрақтарға жауап беру бойынша тексеріледі;
- 4) үлестірме карточкалар;
- 5) түрлі талдау жұмысары арқылы тексеріледі;
- 6) билеттегі сұрақтарға жауап беру арқылы тексеріледі;
- 7) сынақ сабағы бойынша тексеріледі;
- 8) мәнерлеп айтуды жүргізу арқылы тексеріледі;
- 9) мазмұндама жазу арқылы тексеріледі;
- 10) шығарма жұмыстарын жазу арқылы тексеріледі

Талдау арқылы да оқушылардың ауызекі тіліндегі және жазба жұмыстарындағы жіберген қателерін арнайы талқылау үшін өткізіледі.

Поэзиялық өлеңдерді оқу, қателерді талдау сабағы мынадай методикалық жүйе бойынша өткізіледі. Алдымен Мұқағалидың өлеңдеріне талдау жасалады. немесе олардың мазмұнына байланысты алынған тақырып пен тақырыпшалар бойынша түр-түрге бөлінеді. Сонан соң қатерлердің сапасын көрсететін мынадай кесте сызуға да болады.

Әдебиетті оқытудың түрлері. Әңгіме - әдебиетті оқытуда қолданылатын негізгі оқыту түрінің бірі. Өзіндік жұмыс және оның негізгі ерекшеліктері. Әдеби экскурсия. Табиғатты бақылау. Сценарийлі оқыту. Конференция сабағы. Поэзия сабағы. Сайыс сабағы. Семинар сабағы.

Кіріспе жұмыстар. Кіріспе жұмыстардың түрлері: мұғалімнің кіріспе сөзі, кіріспе әңгіме, суретті пайдалану, экскурсия, кинофильмді пайдалану, еркін шығарма жаздыру.

Ақын-жазушының өмірінен берілетін мәлімет. Мұның білімдік және тәрбиелік мәні. V-VIII сыныптарда ақын-жазушының өмірі туралы мұғалімнің кіріспе сөзі. Кіріспе сөзде мазмұн нақтылығының негізгі сабақ мақсатына бағыныштылығы.

Көркем шығармалардағы түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру. Түсініксіз сөз, сөйлемдер мен ұғымдарды түсіндіп оқытудың маңызы. Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздердің түрлері: жеке сөздер, жеке сөйлемдер немесе сөз тіркестері, прозада – жеке абзацтар, поэзияда – жеке шумақтар. Түсініксіз сөздер мен Ұғымдарға түсініктеме беру кезеңдері.

Әдеби шығарманы оқу, мазмұнын ұғыну және оны талдау. Шығарманы сыныпта және үйде оқу. Оқушылардың ауызша, жазбаша сауаттылығын арттыру. Мәтінді мұғалімнің өзі үлгі ретінде оқуы. Көлемі шағын шығармалар сыныпта, көлемді шығармалар мен үзінділер үйде оқылатындығы. Дара оқу, диалогпен (рольмен) оқу. Дұрыс оқуға жаттықтырудың тәсілдері.

Шығарманы келістіріп оқу мәселелері. Мәнерлеп оқудың шарттары. Келістіріп оқудың техникасына жаттықтыру жолдары. Дауыс кідірістері: романтикалық,

логикалық,

психологиялық.

Ой екпіні.

Ырғақ.

Көркем шығармаға жоспар жасау. Жай және көрделі жоспар. Жоспардың сыртқы тұлғалық және ішкі логикалық құрылыс жақтары. Шығарманың мазмұнына, сюжеттік композициясына, суреттеуге, кейіпкер мінездемесіне жоспар. Жоспар бөліктерінің ретіне қарай хабарлы, сұраулы, лепті, атаулы сөйлемдермен аталуы. Жоспар жасау - әрі логикалы әрі стилистикалық жұмыс.

Шығарманы ауызша мазмұндау жұмысы. Ауызша мазмұндаудың мақсаты. Ауызша мазмұндаудың түрлері: мәтінге жуық түрде (толық түрде), мәтінді қысқартып, сөйлеуші жақты ауыстырып, кейіпкер тарихын баяндау арқылы. Көркем шығарманы талдау. Шығарманың талдауға жататын құрамды элементтері. Әдебиеттік шығарманы талдауда қолданылатын негізгі әдістер:

мәнерлеп оқу,

сұрақ-жауап түріндегі әңгіме,

мұғалімнің түсіндіруі,

шығарманы талдау жасай отырып оқу,

баяндау әдістері.

Шығарманың идеялық бағыты мен кейіпкерлерін талдау. Кейіпкер мінездемесіне қойылатын шарттар мен талаптар. Әдебиеттік кейіпкерге берілетін мінездеменің түрлері. Оқушыларды өздіктерінен мінездеме жасап үйренуге жаттықтыру.

Шығарманың сюжеті мен композициясын оқып-үйрену. Мектепте көркем шығарма өзінің мазмұны мен түрінің бірлігінде оқып-үйренілетіндігі. Сюжет пен композиция туралы ұғым. Сюжеттік элементтер. Шығарманың сюжеттік-композициялық желісін талдау арқылы оның экспозиция, байланыс, шиеленіс, шарықтау шегі, шешілуі сияқты элементтерін табуға дағдыландыру.

Шығарманың тіл ерекшелігін оқып-үйрену әдістері. Ақын-жазушының тіл, стиль ерекшеліктерін зерттеу. Әдебиеттік шығарманың тілін оқып-үйренудің мақсаты. Шығарманың поэтикалық тіліне қайылатын басты шарттар және оны оқып-үйренудің негізгі принциптері. Шығарманың тіл ерекшелігін танытуда жүргізілетін жұмыс түрлері. Шығарманың жанырлық ерекшелігіне байланысты оқып - үйрену. Көркем шығармалар өзара үш текке жіктелетіні. Бұлардың бір-бірінен айырып танытатын айрықша белгілері, ерекшеліктері, олардың табиғи сыр-сипатына байланыстылығы.

Әдеби - теориялық білім беру. Теориялық ұғымдарды қалыптастыру – мектеп әдебиеті үшін әрі методикалық негіз, әрі шығарманың әсемдік әсерлілігіне талдау жасаудың құралы. Түркі халықтары әдбиет методикасының теориялық білім берудегі аса бай тәжірибелері, әдеби-теориялық ұғымды қалыптастырудың сыныптық мөлшері.

Мәтінмен жұмыс. Көркем сөз мәтінін жаттау. Мәтінмен жұмыс істеудің мақсаты - оның мазмұнын ұғыну, шығарманың мазмұнын ұғындырудың мақсаты – оқушыларды шығарманы талдауға дайындау екендігі. Шығарманың мазмұнын түсінгендігін анықтау жолдары. Жоспар жасау және ауызша мазмұндау. Жаттауға ұсынылған мәтіндердің ерекшеліктері мен әдістері.

Талқылау үшін сұрақтар:

- 1.Қазақ әдебиетін оқытуда қолданатын қандай әдіс-амалдарды білесіз?
- 2.Көркем сөз текстін мәнерлеп оқу әдісі қай сыныптарда, қандай әдеби шығармаларды оқытқанда тиімді?
- 3.Түсініктме бере отырып оқу әдісі - туралы не айта аласыз?
- 4.Лекция әдісі қандай әдіс, оны қандай сабақта, қашан қолдану тиімді?
- 5.Әдебиетті оқытуда қолданылатын және қандай әдіс түрлерін білесіз?

М.Мақатаев соңғы жылдары бірсыпыра сыншыл өлеңдер де жазған. Оларда адам бойындағы өсек-аяң, арзан махаббат, жеңілтек сезім, дөрекі мінездер, жалған достық пен опасыздық сияқты қылықтар сыналады. Кейде (қазақшылық) мінездерді Абайша сынап, шенеуге тырысады. Ол тазалықты мұрат тұтады, өмірді былғап жүргендерге ашына үн қатады. Жұртты (мансаптың бейнесіне қосып жүрген) шенқұмарлықты, барар жеріне (үріп бармай, аунап баратын) жағымпаздықты шенейді. Қоғамымызда бой алған осындай ұнамсыздықтарға қарсы кезінде орынды және батыл үн қатты.

Мұқағалидың лирикалық кейіпкері-өз өлкесін талмай аралап, адамдармен достасып, сырласып жүрген ақын.

Өз заманының жыршысы болу-ол үшін тек бүгінгі көргенін тізбелеу емес, сонымен қатар дәуір жаңалығына әрқашан тарих көзімен қарайды. адамзат өткен әрқилы жолдың қалтарысына үңіліп, тарихи салыстырулар жасайды. Осының бәрі ақындық үлкен толғанысқа негізделеді.

Ал табиғаттың әсем суреттерімен астастырыла, тұтастыққа берілетін адамның сезім күйлері Қалижан өлеңдерінің негізгі мазмұнын құрайды. Поэтикалық пейзаж ондай өлеңдерде адам сезімдерін байытады, оның табиғатпен тұтастығын ашады. Ақынның жырлары да өзіне керек қоректі табиғаттан тауып, рухани байып жатады. Оны біз (Отан), (Нені аңсаймын), (Музаға), (Алматының аспаны), (Жалғыз көкек), (Ақынға), (Мен сені сағынамын) сияқты өлеңдерінде молынан кездеседі.

Туған жерді шабытпен жырлауда да Мұқағали өзіндік келбетімен көрінеді. Ол атамекен жұртымыздың әрбір атырабының ерекшелігін терең түсінеді, мадақтайды, өзіне етене жақын „Алматыны қалай тебірене, елжірей еске түсірсе, көне тарихымыздың, елдік мәдениетіміздің куәгері Сыр бойы мен Қаратауды да сондай пәк сезіммен сүйе біледі. Демек, ақын өз поэзиясында тек өзінің ауыл аймағын ғана емес, бүкіл туған жер топырағын елжірей сүйетіндігін өзінің сыршыл да отты поэзиясымен де, ісімен де дәлелдей білген.

Ақын қай тақырыпты жырласа да, оның өлеңдері Сарыарқа әндеріндей сазды, сұлу, сахара самалындай жанға жайлы келеді.

Сонымен бірге Мұқағали Мақатаев қазақ жері **табиғатының** шебер суреткері деуге әбден болады. Оның лирикаларынан қаһарлы қыс пен жадыраңқы жаздың, сұлу көктем мен қоңыр күздің, жарқыраған күн мен тұнжыраған түннің, көкала бұлт пен күркіреген нажағайдың, сылдыраған бұлақ пен заңғар таудың, сайын сахара мен жайқалған

орманның алуан түрлі суреттерін көре аламыз. Мәселен, «Алматының аспаны» деген өлеңінде жаз күнінің жанға жайлы, жарасымды сәті шебер суреттеледі. Табиғат құдіретін тамашалау, таңдану, әркімде де бола бермейді. Ал, Мұқағали Мақатаев ақын көзімен қарайды. Сол көріністі астарлы, нәрлі мазмұнға бөлей суреттейді.

Қандай поэзия туындысы болмасын, оның құндылығы көркемдігінде. Ақын өлеңдерінде көркемдік қасиет өзіндік леппен көрінеді. Болмыстың жалаң қайталамасын емес, көркемдік шындықпен бөленгенақиқатын айту шеберлігі ақынның таңдаулы туындыларында еркін табылады.

Мұқағалидың адам сезімінің қат-қабат шиырлы қалтарысын суреттейтін, туған жерге, елге деген ыстық көңілді бейнелейтін өлеңдері оның табиғат туралы көзқарасымен тұтасып жатады. Ол өз бойындағы ақындық қуаты да, сезімталдықты да көңіл-күйінің әр қилы жағдайларын да сол табиғаттан алғандай сезінеді.

«**Отан**» атты өлеңінде Мұқағали былайша тебірене жырлайды:

Отан!!
Отан!
Сен болмасаң, не етер ем?
Мәңгілікке бақытсыз боп кетер ем,
Өмірден бұл өксуменен кетер ем.
Құсұясыз,
Жыртқыш інсіз болмайды.
Отансыз жан өмірінде оңбайды.
Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды.
Тірі адамға - сол қайғы!
Күн көреді,
Әкесіз де, анасыз,
Өмір сҮрер.
Әйелсіз де, баласыз,
Ал Отансыз -
Нағыз сорлы панасыз?
Білесің бе,
Отанның сен не екенін?
(Екі өмір жоқ, әрине, жоқ екі өлім.)
Екі Отан жоқ.
Жалғыз Отан - мекенің!

| Мен сені сағынғанда... деген өлеңінде

Мұқағали Мақатаев былайша жыр шертеді:

Мен сені сағынғанда,
Қарамай жауындарға, дауылдарға,
Қарсы қарап жүземін ағындарға,
Кеудемде қимылдаған жаным барда,
Мен сені сағынғанда,
Бір минут та қақым жоқ дамылдарға.
Мен сені қызғанамын,
Қызғаныштан мұз шайнап,
Тұз жаладым.
Шаңқылдап алдымнан шық,
Ана-қыран,
Алыстан келеді ұшып мұзбалағың.
Тәкаппар ең, өрлікке бола туған,
Жет тездеп,
Дауыл тұрғыз қанатыңнан.
Сен - мендік, мен - сендікпін, ана-қыран,
Қыранбыз, қырандардан жаратылған!
Сағыныштың сағымын жамылғанда,
Қарамай қара нөсер қағынғанға,
Саған ұшам,
Қалмайды сабыр жанда,
Мен сені сағынғанда, сағынғанда...

Көктем де келер
Мұқағали Мақатаев

Көп кешікпей көктем де келер енді,
Көгертін тіршілік көгереді.
Қу бұтағы арса-арса кәрі еменге,
Келер көктем, білмеймін, не береді?
Көп кешікпей көктем де келер енді,
Көгереді ауылдың төңірегі.
Ерте кеткен досымның қабірі тұр,
Келер көктем, білмеймін, не береді?
Көп кешікпей көктем де келер енді,
Барлық нұрын көл-көсір төгер енді.
Сағынышын сарыққан, жапа-жалғыз,
Менің жесір жеңгеме не береді?
Көгереді...
Барлығы көгереді:
Ой да, қыр да, даланың төбелері.
Әлі құрып баратқан ауру досқа,
Осы көктем, білмеймін, не береді?
Көп кешікпей көктем де келіп қалар,

Есінетіп, есіртіп, ерікті алар.
Азан-қазан аспанның қоңырауы,
Жақсылықтан тұрса игі беріп хабар...

Біздің көктем

Мұқағали Мақатаев

Көктем келді ауылға, мамырлап бұлт,

Таң-тамаша дүние, дабырлап жұрт.

Көктем келді. Өмірдің келешегі -

Көкпен бірге дүркіреп төл өседі.

Сағым қыздың ап қашып орамалын,

Асыр сап тентек жігіт - жел еседі.

Көктем келіп ауылға қыз көрікті,

Таң-тамаша дүние жүзге еніпті.

Асқар ала таулардан асып әрі,

Аяз атаң барады мұз бөрікті.

Көктем, көктем! Қыз - көктем ауылдағы

Өлең-жыр, әзіл-күлкі ауыл маңы.

Тиянақ таппай ұшқан көк көбелек,

Көк гүлге қонды-дағы дамылдады...

§2. Мұқағали Мақатаевтың лирикалық шығармаларын оқыту әдістері

Ақындарды дәстүр бойынша лирик және эпик деп екіге бөледі. Әрине бұл шартті түрде ғана бөлу. Шындығында, тап-таза лирик, не тап-таза эпик де болуы қиын. Эпиканың шебері саналатын ақындарда лирикалық философиялық шегіністер жиі ұшырайды. Сол сияқты, лирикалық туындыларда эпиканың элементтері де кездесе береді. Ірі тұлғалар саналатын дүние жүзі әдебиетінің ұлы ақындарын алсақ, лирика негізгі жанр.

Сондай-ақ, Мұқағали өлеңдерінің де дені лирика. Мұқағалида әлеуметтік лирика, философиялық лирика, лириканың аллегориялық түрі-бәрі де кездеседі.

Әлеуметтік-саяси лирикалық өлеңдері өз кезіндегі қоғамдық мәні зор мәселелерге арналады. Ақын кейде мысқыл, кейде кекесін түде өзінің суреттеп отырған өмір құбылыстарына көз қарастарын білдіреді. Ел үшін, жұрт үшін зиянды деп түсінген іс-әрекеттер ақынды қатты ашындырады.

Махаббат, достық, шексіз нәрсе. Оның әр алуан түрі, сансыз сыры бар. Әйтсе де, бір мәселе анық. Ол – адам өмірінде махаббат – сүйіспендіктің шешуші рол атқаратындығы. Сүйсіз ойлап тұрса өмір бар ма? деген риторикалық сұрау «жоқ» деген жауапты ешкім айтпай-ақ ұқтырып тұр. Түтеген оққа қарсы шпқан төтен біле тұра, алдына зор мақсат қойып, революция жолына бел буып, майданға шығу, езушілерге деген зор махаббат, жаны ашушылық т.б. осылар сықылды мысалдар көп.

Махаббат тақырыбына арналған Мұқағали лирикасының бір қатары әйел мен ерлердің сүйіспендікті жырлауға арналады. Бұл мәселеде де өз замандастарынан мойыны анағұрлым озық жатқандары даусыз. Оның ер мен әйелдің арасындағы қарым-қатынастар қандай болуы керектігі жайлы көзқарас ой пікірлерінің негізгі түйіні.

Махаббат, сүйіспендік туралы бұл айтылғандар тәрізді философиялық көзқарас терең ойлар ұсынуы өз алдына, сонымен қатар, махаббатты ғажап, әдемі, кіршіксіз таза, әрі нәзік нәрсе етіп жырлауы-айрықша көңіл аударарлық жайт. Бұл жағынан Мұқағалиды махаббат жыршысы деуге болады. Махаббат, сүйіспендікке арналған ақынның лирикалық өлеңдері көркемдігі, шындығы және сүйіскен жастардың ой-сезімдеріндегі психологиялық жайларды суреттеуі күні бүгінге дейін жоғатқан жоқ. Мұқағали лирикасының махаббаты поэзиялық биікке шығарған туындылар сапына қосылатындығына шәк келтірулерге болмайды.

Махаббат тақырыбы мен байланысты жазылған Мұқағали өлеңдерінің лирикалық геройлары бір-бірін қалтқысыз шын үшін екіншісі жан беурге әзір.

«Лирика-поэзияның жаны»-деп даналық сөздерінің шындығына әрдайым-ақ тәнтісің. Лирика-жан сыры. Шын ақындар айналасындағы өмір құбылыстарының біріне қуанады, екіншісіне қайғырады, бірін жақсы көрсе, екіншісін жақсы көреді. Қысқасы, өмірден алған әсерлерін өзінің жан-сезімдеріне бөлеп, ой елегінен өткізеді де, образ арқылы көңіл аударарлық та тартымды етіп, оқырмандардың талғамына татырлық өлең не көркем қара сөз түрінде сыртына шығарады. Ақын суреттемек құбылысын қандай сырмен бояйды, қалай бояйды ол ақынның сол өмір құбылыстарын түсінуіне, оған қалай, қай тұрғыдан қарайтындығына байланысты.

Мектептегі сабаққа қатысу және оқушыларды талдаудың үлгісіне үйрету. Оқушыларды әдебиет сабағына бақылауға материалдық базасы жеткілікті, тәжірибелі оқытушылар бар, оқу құрал-жабдықтарымен жақсы қамтамасыз етілген мектептерге апару көзделеді. Сабақты талдаудағы мақсат: сабақ элементтері, жұмсалған уақыт, мұғалімнің оқушылар білімін қалай анықтағаны, сабақтың жабдықтары, жаңа материалды ұғындыру әдістері, пәнаралық байланыс, оқушылардың өмірге қалыптасуы, кәсіптік бағдар, жаңа сабақты бекіту, үйге тапсырма, өтілген сабақтың тиімділігі жөнінде мұғалім және бақылаушының бағасы, сабақтың Өтілуіне ғылыми, методикалық, дидактикалық, педагогикалық-психологиялық мінездеме беру. Көркем мәтінге ұжымдық талдау жүргізу, әңгімелеу, лекция, әңгімелесу мен мәнерлеп оқудың жеке түрлерін өткізуге дайындық жасау. Көркем шығарманың талдауға жататын элементтері, талдау әдістері, әдебиетті оқытуда қолданылатын негізгі әдістер. Эпикалық немесе монографиялық тақырыптарды жоғары сыныптарда оқытудың жүйесін салыстырмалы түрде талдау (педагогикалық баспасөзде жарияланған материалдар негізінде). Жоғары сыныптарда монографиялық тақырыптарды оқытудың сабақтар жүйесін жазу. Оқыту әдістерін жетілдіріп, сабақты белсенді формаларын кеңінен қолдану жолдары:

- Проблемалық оқытудың әдіс-тәсілдері;
- Топтық жұмыстың тиімділігі;
- Дифференциалы оқыту;
- Сыр-толғаулар сабағы,
- проблемалы оқытуға негізделген практикалық сабақ;
- пресс-конференция сабағы;
- ситуациялық сабақ;
- іздену сабағы;
- семинар сабағы;
- концерттік сабақ.

(К.Бітібаеваның «әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» көмекші құрал бойынша).

Лирика сабағына талдау жүргізуге студенттердің өзіндік даярлығы. Лирика табиғатын таныта алу шеберлігіне көңіл аударатын сипаттар: ақынның сөз өмірін, өзекті ойын тікелей ұғындыру, оқушыны шығарманың әсем сазы, салиқалы ой құшағына бөлеу, келістіріп оқу машығы, тақырып, идея, кейіпкер, лирикалық қаһарман, лирикалық характер, композиция, автор тілі, кейіпкер тілі, ақын мәнері мәселелері.

Мұқағалидың «Жалғыз көкек» атты өлеңін жаттап, мәнерлеп оқу.

Жетімсіреп, жем іздеп балапанға,
Жалғыз көкек жүретін жаңа талда.
Әлдекімді жоқтайтын күн батарда,
Әлдекімді жоқтайтын таң атарда.
Иесіз қалған, бұзылған тамға барып,
Қонушы еді, қонатын қамдап алып.
Жоқтаушы еді оңаша отырып ап,
Оқшау шетте ұясы, талда қалып.
Сұңқыл үнді сорша құс, жан - Отанын
Ойландырып тастайтын жаға талын.
Оңашада отырып жоқтаймын деп,
Оятатын ұядан балапанын.
Сұқ саусақтай балапан ес білер ме,
Сұрша құстың сұм даусы есті желде.
Ұясында оттай құс қобалжиды,
Таныс үнді шалғайдан естігенде.
Қайдан білсін, әкесі жем бергенін,
Жем бергенін... баршыға көгергенін...
Қайдан білсін, шешесі шер бергенін?..
Түйір дәндей жүрегі тулап жатыр,
Ұядағы титімдей шерменденің.
Жетімсіреп жем іздеп балапанға,
Жалғыз көкек жүретін жаға талда.
Әлдекімді жоқтайтын күн батарда,
Әлдекімді жоқтайтын таң атарда.

Шығарма нәтижесіне арналған талдау сабағы және оқушылардың жазу жұмыстарын бағалау өлшемі. Оқушының жалпы жұмысына баға беру, шығарманың құнды жақтарын атап көрсету, қате түрлерін атау, шығарманың жалпы кемшілік жақтарын атап көрсету, кемшіліктерді болдырмау шараларын көрсету. Жазба жұмыстарды да әділ бағалаудың білімдік және тәрбиелік мәні. Шығарманы бағалауда жұмыстың мазмұны мен тіліне қойылатын баға жөнінде арнаулы нұсқауды тірек етіп, сауаттылығына қойылатын баға мөлшерін қателер саны бойынша анықтау

Әдебиетті оқытудың түрлері. Әңгіме - әдебиетті оқытуда қолданылатын негізгі оқыту түрінің бірі. Өзіндік жұмыс және оның негізгі ерекшеліктері. Әдеби экскурсия. Табиғатты бақылау. Сценарийлі оқыту. Конференция сабағы. Поэзия сабағы. Сайыс сабағы. Семинар сабағы.

Кіріспе жұмыстар. Кіріспе жұмыстардың түрлері: мұғалімнің кіріспе сөзі, кіріспе әңгіме, суретті пайдалану, экскурсия, кинофильмді пайдалану, еркін шығарма жаздыру.

Ақын-жазушының өмірінен берілетін мәлімет. Мұның білімдік және тәрбиелік мәні. V-VIII сыныптарда ақын-жазушының өмірі туралы мұғалімнің кіріспе сөзі. Кіріспе сөзде мазмұн нақтылығының негізгі сабақ мақсатына бағыныштылығы.

Көркем шығармалардағы түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру. Түсініксіз сөз, сөйлемдер мен ұғымдарды түсіндіп оқытудың маңызы. Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздердің түрлері: жеке сөздер, жеке сөйлемдер немесе сөз тіркестері, прозада – жеке абзацтар, поэзияда – жеке шумақтар. Түсініксіз сөздер мен Ұғымдарға түсініктеме беру кезеңдері.

Әдеби шығарманы оқу, мазмұнын ұғыну және оны талдау. Шығарманы сыныпта және үйде оқу. Оқушылардың ауызша, жазбаша сауаттылығын арттыру. Мәтінді мұғалімнің өзі үлгі ретінде оқуы. Көлемі шағын шығармалар сыныпта, көлемді шығармалар мен үзінділер үйде оқылатындығы. Дара оқу, диалогпен (рольмен) оқу. Дұрыс оқуға жаттықтырудың тәсілдері.

Шығарманы келістіріп оқу мәселелері. Мәнерлеп оқудың шарттары. Келістіріп оқудың техникасына жаттықтыру жолдары. Дауыс кідірістері:

романтикалық,

логикалық,

психологиялық.

Ой екпіні.

Ырғақ.

Көркем шығармаға жоспар жасау. Жай және көрделі жоспар. Жоспардың сыртқы тұлғалық және ішкі логикалық құрылыс жақтары. Шығарманың мазмұнына, сюжеттік композициясына, суреттеуге, кейіпкер мінездемесіне жоспар. Жоспар бөліктерінің ретіне қарай хабарлы, сұраулы, лепті, атаулы сөйлемдермен аталуы. Жоспар жасау - әрі логикалы әрі стилистикалық жұмыс.

Шығарманы ауызша мазмұндау жұмысы. Ауызша мазмұндаудың мақсаты. Ауызша мазмұндаудың түрлері: мәтінге жуық түрде (толық түрде), мәтінді қысқартып, сөйлеуші жақты ауыстырып, кейіпкер тарихын баяндау арқылы. Көркем шығарманы талдау. Шығарманың талдауға жататын құрамды элементтері. Әдебиеттік шығарманы талдауда қолданылатын негізгі әдістер: мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап түріндегі әңгіме, мұғалімнің түсіндіруі, шығарманы талдау жасай отырып оқу, баяндау әдістері. Шығарманың идеялық бағыты мен кейіпкерлерін талдау. Кейіпкер мінездемесіне қойылатын шарттар мен талаптар. Әдебиеттік кейіпкерге берілетін мінездеменің түрлері. Оқушыларды өздіктерінен мінездеме жасап үйренуге жаттықтыру.

Сабақтың жоспары

1.Кіріспе.М.Мақатаевтың өмірі мен өскен ортасы.

2.М.Мақатаевтың шығармашылық жолы туралы

Мақсаты:жаңа тақырап туралы оқушыларға теориялық мәлімет беру,сөйлеу мәдениетін білу,адамгершілік қасиеттерді ұғыну,Отан сезімін сезіну,таза әдеби тілде сөйлеуге баулу,лирикалық өледерді мәнерлеп оқуға үйрету,т.б.

-М.Мақатаевтың әдебиетке қосқан үлесін біледі.

-М.Мақатаевтың еңбектерінің сюжетін айта алады.

-М.Мақатаевтың прозалық жанрдағы шеберлігін түсінеді.

-М.Мақатаевтың ұлтжандылық қасиетін туындыларынан оқып үйренген.

Пәнаралық байланыс:Қазақ әдебиетінің тарихы,Қазақстан тарихы,География,қазақ тілі,әдебиет оқулықтары,педагогика мен психология.

Негізгі түсініктемелер:Адамилық,патриоттық,роман,әңгіме,сатира,драматургия,сахна,суреттеу,мінездеу.

Сабақтың түрі:сыныппен жұмыс алып бару,практикалық сабақ.

Көрнекі құралдар:плакат,портрет,кітап-газеталар,оқулық хрестоматия, қосымша әдебиеттер,мақалалар т.б.

Әдіс және тәсілдер:түсіндіру,сұрақ-жауап,оқушылардың жеке пікірін тыңдау,кітап арқылы талдау,көркем шығармалардан және өмірден мысалдар келтіру,мәнерлеп оқу әдісі,интерактив әдісі,ақылға шабуыл әдісі.

Көрнекіліктер мен техникалық құралдарды қазақ әдебиетін оқытуда пайдаланудың жалпы принциптері. Экран, альбом, көркем суреттер, графикалық құралдар, дыбыс көрнекіліктері. Оқушылардың көрнекілік жасауға қатысуы: фотоальбом, диграмма, кесте, синхронды кесте, плакат, картина т.б.

Сыныппен жұмыс алып бару.

Ұйымдастыру бөлімі:

- Мұғалім сыныпқа кіріп,оқушылармен сәлемдеседі;

-кезекші оқушы арқылы бүгінгі сана,ай-күнді жаздырады;

-жоқтама жасайды.

-Соңында өткен сабақты сұрап,оқушыларды бағалайды;

-өткен сабақты еске түсіреді;
-қорытындылайды.

**Жаңа сабақтың тақырыбы: Мұқағали Мақатаевтың
шығармашылығын қазақ мектептерінде оқытудың тиімді
жолдары.**

**М . М а қ а т а е в т ы ң
"Аққулар ұйықтағанда"
п о э м а с ы н о қ ы т у**

Сабақтың барысы:

**I. Ұйымдастыру кезеңі:
(Сәлемдесу, түгендеу)**

II. Жаңа сабақ

“Аққу – құстың төресі, жалғыз жатып оттамас” деген нақыл сөзден аққудың сыңарынсыз өмір сүре алмайтынын көреміз. Бұл аңызды айтқанда есімізге еріксіз Қыз Жібек пен Төлегеннің махаббаты түседі. Қыз Жібек аққу сияқты сыңарынсыз, Төлегенсіз өмір сүре алмай, өзін-өзі өлтіреді. Аққуды тек қазақ халқы ғана емес, басқа халықтар да қасиетті құс санайды. Мысалы, П.И.Чайковскийдің “Аққу көлі” атты шығармасы бар және аспан әлеміндегі шоқ жұлдыздардың бірі “Аққу жұлдызы” деп аталады.

Мақсаты: оқушылардың өз ойын дұрыс тұжырымдап, дәлелмен жеткізе білуге, еркін сөйлеуіне дағдыландыру; ақын тілімен салынған табиғат суреті арқылы эстетикалық талғамға, табиғатқа деген қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Сабақ түрі: пікірсайыс, жаңа сабақ

Сабақ әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау

Көрнекі құрал: ақын портреті, ақын өлеңдерінен үзінді, нақыл сөздер.

Аққу -киелі құс!

Пәк құс.

Құстың төресі.

Сұлулықтың белгісі.

Махаббаттың белгісі.



Әдіс (метод) – грек тілінен енген сөз. Оның бастапқы ұғымы *methodos* – зерттеу деген мағынаны аңғартады. Әдіс қазақ тілінен теориялық білім берудің тәсілдерін, соған байланысты практикалық дағды мен тәлім-тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны практика жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының дәл жүйесін көрсетеді.

М.Мақатаев-қазақтың белгілі ақыны.Туған жері Алматы облысы,Райым бек ауданында, 1931 жылы 9- ақпанда дүниеге келген. Қарасаз ауылы,топырақ бұйырған жері –Алматы қаласы.Мұқағали – жыр еліне ауыз әдебиетінің мөлдірінен сусындап,Ұлы Абайдың тереңіне бойлап,өзіне дейінгі Шығыс,орыс,еуропа әдебиетінен тәлім алып кемелденеді

Ол - XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан ақиық ақын.Балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына тура келеді.Алғашқы өлеңдері аудандық газетте жарық

көрген. Ол мектепте әдебиет пәнінен сабақ берген. Сонымен қоса аудандық газетте қызметкер болып істейді. Ақын Алматы шет тілдері институтының неміс тілдері ҚазМҰУ-дың филология факультетінде, Мәскеуде Максим Горький атындағы Әдебиет институтында білім алады. Ақынның көзі тірісінде 8 кітабы жарыққа шыққан.

Оқырман ақынның кез келген өлеңін бейтарап, салқын оқи алмайды. Мұқағали Мақатаев өзінің естелігінде былай деп жазыпты: «Егер бір кездерде менің өмірім, шығармашылығым әлдекімнің көңілін аударса, оларға былай дер едім:

- Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем. Естеріңізде болсын, менің өлеңім жеке тұрғанда түк те емес Біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті. Басы және аяғы бар. Ол кейде күлімдеген, кейде түңілген жанымның құдды дауысындай... Жанымның мұңы мен қуанышы, бәрі сонда. Солар басқа жүректерге өз сәулесін түсіруге тиіс деп ойлаймын. 14 ақпан, 1976 ж.»

«Бүгінде салмауы биік қазақ жырының сырлы өлкесінен орын тепкен Мұқағали Мақатаевтың саңлақ үні халық санасына сінді деп айтуға негіз бар. Ақынның шыншыл, сыршыл қоңыр даусы әдебиет әлеміне орнықты»-деген еді Асқар Егеубаев.

Ақын кескінінде кею жоқ, еңсесін биік ұстатқан – оның азаматтық ары, парасат жігері.

Барлық ақын баласы бір ананың,

Ақын келсе өмірге қуанамын.

Ақын өтсе өмірден жылағаным,

Барлық ақын баласы бір ананың,

Барлық ақын бауыры тірі ананың,

Барлық ақын бауыры тірі адамның!

Адам салған өрнекті жырды жаңғырта оқыған сайын – нар кеуделі ақын Мұқағалиды да қатар көріп тұрғандаймыз.

Жыр қос ағындала тереңдеп, айдыны кеңіп, нәсерге айналады. Енді ақын-Отанын жаяу кезіп, ақ бесікте шырылдаған бөбекті егіле тербеткен ана атаулыны демеп, жебеп жұбатады.

Мұқағали шығармалары оқушысының жүрегіне сәуле түсіреді. Себебі ақын туған жерін, туған халқын, ана тілін жанындай сүйді. Оның кез келген шығармаларынан

жердің,елдің биік рухы сезіледі.Өздерің оқып жүрген «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын тебіренбей оқу мүмкін емес.

Ендеше іске сәт!Поэманы оқыңдар...

Өзен де жоқ сыймаған арнасына,

Жылға да жоқ даламен жалғасуға.

Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,

Қалай біткен мына көл тау басына?!

Мөлдірейді ,қарайды қарға, шыңға,

Жалғыздықтан жамандық бар ма,сірә?

Қанша ғасыр өтті екен,қанша заман?

Қанша ұрпақ кетті екен,қаншама адам?

Қанша шырша өсті екен,құлады екен,

«Жетім көлге» қараудан шаршамаған?

«Жетім көлден» су ішкен қанша марал?

Қанша киік қалды екен сай-салада?

Қанатынан үзіліп ән-самала,

Қаншама аққу кетті екен- аңсаған ән?

Ортаймаған «Жетім көл» толмаған да,

Болған өмір ұқсайды болмағанға.

Әлдилеп ақ төсіне,бермей тыным,

Ақ қайың ақ мүсінін тербейтұғын.

Бұл көлге мылтық алған саятшы емес,

Тірі жан аяқ басып келмейтұғын.

Ұрпақтан ұрпақ алып жалықпастан,

Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.
Заманнан заман өткен, жаңарған жұрт,
Аққуын айдын көлдің налытпастан,
Дәстүрін аттамаған, анық басқан.
Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан.
Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан.
Қайсыбір қиын-қыстау ай, күндерде,
Шойрылтып, түссе – дағы қайғым белге,
Алаңсыз аққуымды атпасн деп,
Жатса да дастарқанды жайдым төрге
Аққулар ұйықтағанда айдын көлде...
Оралмады аққулар осы маңға ,
Жылдар өтті, байғұстар шошыған ба?
«Жетім көл» жетімсіреп қала берді,
Арман – ай, аққуымен қосылар ма?!

Бала жатыр төсекте, албыраған,
Әке жатыр еденде, қалжұрраған.
Түн күзетіп ана отыр, қос жанары
Шарасыздан шаршаған, жаудраған.
Түні мынау – шымылдық салбыраған.
Биік барып жаралаған жер бетінен,
Сол байырғы «Жетім көл» келбетімен.
Айдында аққулар ұйықтап жатыр.
Сайдан соққан самалмен тербетілген.

Жер бетінде тыныштық, көл бетінде,
Қауышыпты қара орман,көл де, түн де.
Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,
Баласының ана отыр күйіп бағып.
Қайдағы бір қатыгез,сұрқай ойлар
Миын қарып барады,миын қарып.

Сарқытындай өлімнің қалған қарға,
Екеу болса,дүние-ай, арман бар ма!..
Жазыласың құлыным...балапаным!
Қасиет!
О , қасиет!
Осындай ма ең?!
Сормның қалыңдығы шашымдай ма ең!...
Қасиет!
Қасиеттер ұшып кетті,
Қасірет!..
Қасымдағы досымдай ма ең!..
Қасиет...Қасірет...»

...Сол кеткеннен мол кеттім,оралмадым,
Жерді аңсаймын...
Жалғыз-ақ сол – арманым.
Қиын екен, қимасың екі бірдей
Көз алдында ғайып боп жоғалғаны...

Көрдiң бе бiр-бiрiне дөп келуiн,
Бiр қырсық бiр қырсықпен шектелуiн?

Балам-ай, мынау өмiр дарияның
Бiлмейсiң қайда екенiн өткелiнiң.

Аққулар ...

Аңыз көп қой олар жайлы,
Көзiңмен көргенiңдей бола алмайды...

Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар,
Шошыса, екiншi рет оралмайды.

Орнында екен «Жетiм көл» жоғалмапты,
Ортаймапты, немесе тола алмапты.

Жағалауын жауыпты жасыл жылбыз,
Қасиеттi аққулар оралмапты.

1. Поэманың I бөлімінен қандай әсер алдыңдар?

Туған жер, «Жетiм көлдiң» сұлулығы, аққудың үнi, қасиетi, айнала қоршаған ортамен үндестiгi, ақнның сезiмi өлеңде қалай берiлген? Әрбiр сөздiң орынды қолданылғанына, алып тастауға болмайтынына көңiл аударыңдар.

2. Поэманың II бөлімінде оқиға мен интонацияның өзгергенін байқаңдар. Ананы қасиеттi аққуға оқ атуға итермелеген не?

3. Н.Тiлендиевтің «Аққу» күйiн күйтабақтан тыңдаңдар.

4. Поэманың III бөліміндегi жылқышы мен ананың диалогын екi оқушы кезектесiп оқыңдар.

5. Поэманың әр бөліміне ат қойыңдар. Өздерiңнiң елестетулерiң бойынша «Ақын және аққу», «Жетiм көлдiң аққулары», «Ана - мерген», «Бала- аққу – ана» т.б. тақырыптарға еркiн шығарма жазыңдар.

6. Халқымыз аққудан басқа тағы басқа қандай аң, құстарды қасиетті деп санайды?

Пысықтау және бағалау үшін сұрақтар:

-М.Мақатаев қай жылдары өмір сүрген?

-М.Мақатаевтың қандай шығармаларын білесің?

-М.Мақатаевтың негізгі ұстаған бағыты қандай болған?

-М.Мақатаевтың туындылары көбірек қай тақырыпта жазылған?

Сол сияқты, тест сұрақтары әдістемелік нұсқауды пайдалана отырып, бірнеше вариантты тест түзіп, немесе оқытушының өзі тест сұрақтарын түзіп, бала білімін тексеруге болады.

-М.Мақатаевтың шығармаларына талдау жасайды.

-М.Мақатаевтың қазақ әдебиетіндегі орнын аша біледі.

-М.Мақатаевтың негізгі ұстанған бағытын таңдайды.

-М.Мақатаевтың әдебиеттегі қызметі туралы пікір жүргізеді.

Пысықтау және бағалау үшін сұрақтар:

-М.Мақатаев қай жылдары өмір сүрген?

-М.Мақатаевтың қандай шығармаларын білесің?

-М.Мақатаевтың негізгі ұстаған бағыты қандай болған?

-М.Мақатаевтың туындылары көбірек қай тақырыпта жазылған?

Тест материалдары

1. М. Мақатаевтың «Үнсіздік» деген өлеңіндегі тақырып қай мағынада келіп тұр?

А. «Ашу, шум» дыбыс

Б. тым-тырыс , тыныш болу

Д. тыңқ, сыңқ, заңқ

Г. жақсы, жақсылық

2. М. Жұмабаевтың «Педагогика» атты шығармасының басты мазмұнынеге қаратылған?

А. бала тәрбиесі

Б. оқытушы тәрбиесі

Д. қоғам тәрбиесі

Г. оқу- ағарту мәселесі

3. М. Мақатаевтың « Аққулар ұйықтағанда» өлеңі қандай шығарма?

А. проза

Б. поэма

- Д. сюжетсіз
- Г. сюжетті шығарма

4. М. Мақатаевтың «Үнсіздік» өлеңіндегі «Үнсіз» сөзінің мағынасын тап?

- А. сын. дыбыс шығармай, дабыссыз
- Б. сын. тым-тырыс
- Д. тыныштық
- Г. өкпелеу

5. Бар кітапқа бас болған

Әліппе - ғылым ағасы.

Әліппеден басталған

Даналықтың данасы, - деген үзінді қай ақынның өлеңінен алынған?

- А) М.Мақатаев
- В) Т.Молдағалиев
- С) Ө.Тұрманжанов
- Д) М.Әлімбаев

6. Мұқағали Мақатаев қай жылы дүниеге келген және оның жазған өлеңі қай қатарда дұрыс көрсетілген?

- А. 1922ж «Сарысу сағасында»
- В. 1931ж «Бабаларым рахмет сендерге»
- С. 1930 ж «Бабаларым, рақмет сендерге»
- Д. 1992ж «Шөңге»

7. 19-ғасырдағы қазақ халқының көрнекті демократ ғалымы мен ұстаздары кім.

- А.Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин.
- В.Б.Майлин, С.Мұқанов.
- С.Ы.Алтынсарин, Б.Майлин.
- Д.Қ.Жұмалиев

8. Абай қай жылы қай жерде туған?

- А. 1845 ж. Семей обылысы Абай ауданы.
- В. 1846 ж. Қостанай облысы.
- С. 1843 ж. Бұрынғы Көкшетау ауданы.
- Д. 1842 ж. Жетісу өлкесі.

9. М.Мақатаевтың поэмасын тап.

- А. «Сұлушаш»
- В. «Ботакөз».
- С. «Ару –ана»
- Д. «Құлагер»

10. «Өмір-өзен» жинағының авторы кім?

- А. М.Мақатаев
- В. С.Сейфуллин

Тест сұрақтарын белгілеу кестесі

Тесттер	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жауаптары										
Балл										
Жалпы балл										

Оқушылар «Жауап» деп аталатын қатарға 1 – Д, 2 – В, 3 – С, 4- А т.б. деген сияқты белгілер қояды. Дұрыс жауап үшін 1 балл, қате жауаптар үшін 0 балл беріледі. Дұрыс жауаптар нәтижесі есептеледі де, жалпы балл шығарылады.

Ескерту: Сабақ үшін тесттер оқытушының өзі түзуі шарт.

7. Сабақ қорытындысы (2 минут). Оқушылардың сабақ барысында қандай балл не баға алғандығы айтылады және күнделіктеріне сол балл қойылады.

Қорытынды қайталау – оқу жолы бойы өтілген тілдік материалдарды немесе курсты түгел жинақтап пысықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл қайталау оқу жылының соңғы апталарына өткізіледі. Қорытынды қайталау барысында оқушылардың зейіні курстағы өтілген басты-басты тілдік мәселелерге қаратылады. Қорытынды қайталау сабағында сынақ-сабақтың элементтері жиі кездесіп отырады. Сынақ-сабақ екі түрлі мақсатты көздейді:

- 1) оқушылардың алған білімдерін тексеру мақсатында жүргізілсе;
- 2) өтілген тілдік материалдарды қайталау, жинақтау, қорыту бағытында өткізіледі.

8. Үйге тапсырма: Оқып келуге Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын оқып келу тапсырылады. Оқыған көркем әдебиеттерден немесе 7-сынып «Қазақ әдебиеті» оқулығынан мысалдар тауып, төмендегі таблицаға түсіріп жазып келу тапсырылады.

Оқытушы үлгі есебінде тапсырманың орындалуына тақтада бір-екі мысал келтіреді. Мәселен:

Үйге тапсырмалар беріліп, оқушылар бағалары естіріліп болғаннан соң, оқытушы оқушылармен қоштасып, сыныптан шығып кетеді.

Ескерту: Оқытушы сабақ өту әдіс-тәсілдерін өзінің творчестволық және оқытушылық қабілеттілігіне орай өзгерте беруі мүмкін.

Қорытынды пікірлер білдіру:

Мақсат пен міндеттердің орындалғандығы туралы талданады, тиісті ұсыныстар беріледі, өзіндік жұмыстары тарқатылады. Оқушылардың қосымша сұрақтарына **Қайталау сабағы**. Мектеп оқушыларына қазақ тілінен саналы да сапалы білім беруде қайталау сабағын жүргізіп отырудың мәні мен маңызы ерекше. Өткен қазақ тілі материалдарын оқушылар ойына толық қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыс түрін **қайталау сабағы** деп атайды. Қазақ әдебиеті материалдарын қайталап оқыту білім беру процесінің басты бір бөлігі болып табылады.

Қайталау сабағын жүйелі өткізу үшін оған мынадай талаптар қойылады:

1. Қайталау сабағының негізгі мақсаты анық болуы тиіс.
2. Қайталау сабағының түрі белгіленуі қажет.
3. Қайталау сабағы жоспар негізінде өтілуі жөн.
4. Қайталау өткенді еске түсіріп қана қоймай, оны терең ұғынуға көмектесу керек.
5. Қайталау түрлері бір-біріне байланысты түрде өткізілуі тиіс.
6. Қайталау оқушылардың белсенділігін арттыруы қажет.

Үйге тапсырма:

1. Мұқағали өлеңдерін жаттап келу.
2. «Аққулар ұйықтағанда» өлеңінен үзінділер жаттап, мазмұнын айту.
3. Мұқағали өмірі мен шығармашылығын оқу.
 - М.Мақатаев қай жылдары өмір сүрген?
 - М.Мақатаевтың қандай шығармаларын білесің?
 - М.Мақатаевтың негізгі ұстаған бағыты қандай болған?
 - М.Мақатаевтың туындылары көбірек қай тақырыпта жазылған?

Сол сияқты, тест сұрақтары әдістемелік нұсқауды пайдалана отырып, бірнеше вариантты тест түзіп, тест кілтімен дайындап келу.

.....
Омаров С. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың тиімді жолдары.
(Мұғалімдерге көмекші құрал). Ташкент,1993. – 36 бет.

III.Қорытынды.

Қорыта айтқанда,бүгінде Мұқағали өлеңдерін сүйіп оқымайтын жан жоқ.Оның нәзік поэзиясы жыр сүйер әр жанның жүрегінен орын алды.Бұл Мұқағали жырларының мәңгілік екенін танытады.

Мұқағали жыры-парасат жыры.Оның өлеңдері сахараның өзіндей сырлы,даланың өз бояуындай өрнекті ,көктемнің өзіндей көрікті.Туған халқына ,туған халқы сомдаған ұлы мұраға бас иіп өткен Мұқағалиға,арыс азамат Мұқағалиға тән шынайы қасиет бұл. Ақын мұрасында асыл жырлар теңіз толқынындай ұсапырылысып жатыр.Мұқағалидың барлық жыры ақаусыз болмас,бірақ жыл құсындай

төрт тағандап көгілдір жолдары көмкерген тылсым ойлар бәрінен де табылады.

М.Мақатаев-ұрпақтар легін, өмірдегі сол адамдардың орнын тебірене-толғана өлмес өлеңге айналдырған ақын.

Әдебиетті жіктеу дәстүрі Аристотельдің «Поэзия өнері туралы» трактатынан басталып, әдеби тектерді қалыпты поэтика деп қарастырған француз классицизмінде, сондай-ақ Гетеден Гегельге дейін қамтитын неміс классикалық эстетикасында жалғасын тапты.

Ең алғаш рет ежелгі грек философы Аристотельдің «Поэзия өнері жайында» атты трактатында (б.д.д. IVғ) белгіленген әдеби тектер дамудың ұзақ жолына өтіп, сан қырлы ғылыми және философиялық тұрғыдан қарастырылды. Ал, неміс философы Г.Гегель еңбектерінде үш тек идеясы философиялық-логикалық жағынан негізделеді. Гегель пікірі бойынша, эпос шығармашылықтың объективті бастауына сәйкес келеді, лирика субъективтілікке драма өз бойына объективтік пен субъективтілікті бірдей тоғыстырады. Басқаша айтқанда, эпикалық туындыларда оқиға, лирикада әсер, драмада әрекет басым болады.

Кейінгі дәуірдегі әдебиеттанушылар бұл мәселеге шығармашылық тұрғыдан келеді. Мысалы, В.Г.Белинский XIX ғасырдағы Ресей әдебиетіндегі түрлі әдеби тектердің өзара сабақтастығын заңды түрдегі даму үрдісін көре білді.

Түйіндей келгенде, жазушы бейнелеген өмір суреттерінде дүние мен адам қарым-қатынасын белгілейтін шығарма құрудың тәсілдері әдеби тектер болып табылады. Сәл басқаша айтқанда, әдеби тектерді әдеби шығармашылықтың жанақы типі деуге де болады.

Әдебиетті жіктеу дәстүрі Аристотельдің «Поэзия өнері туралы» трактатынан басталып, әдеби тектерді қалыпты поэтика деп қарастырған

француз классицизмінде, сондай-ақ Гетеден Гегельге дейін қамтитын неміс классикалық эстетикасында жалғасын тапты.

Ең алғаш рет ежелгі грек философы Аристотельдің «Поэзия өнері жайында» атты трактатында (б.д.д. IVғ) белгіленген әдеби тектер дамудың ұзақ жолына өтіп, сан қырлы ғылыми және философиялық тұрғыдан қарастырылды. Ал, неміс философы Г.Гегель еңбектерінде үш тек идеясы философиялық-логикалық жағынан негізделеді. Гегель пікірі бойынша, эпос шығармашылықтың объективті бастауына сәйкес келеді, лирика субъективтілікке драма өз бойына объективтік пен субъективтілікті бірдей тоғыстырады. Басқаша айтқанда, эпикалық туындыларда оқиға, лирикада әсер, драмада әрекет басым болады.

Кейінгі дәуірдегі әдебиеттанушылар бұл мәселеге шығармашылық тұрғыдан келеді. Мысалы, В.Г.Белинский XIX ғасырдағы Ресей әдебиетіндегі түрлі әдеби тектердің өзара сабақтастығын заңды түрдегі даму үрдісін көре білді.

Түйіндей келгенде, жазушы бейнелеген өмір суреттерінде дүние мен адам қарым-қатынасын белгілейтін шығарма кұрудың тәсілдері әдеби тектер болып табылады. Сәл басқаша айтқанда, әдеби тектерді әдеби шығармашылықтың жанақы типі деуге де болады.

Біздің пайымдауымызша, көркем шығарманы мұқият (сіңіре) оқып шығу аз, сонымен қатар сол шығарманың мәнін талдай түсініп, мейлінше терең игеру керек. Сонда ғана адамның көркемдік талғампаздығы арта түседі. Бұл мақсатқа жету үшін көркем шығарманың өзін ғана оқып-білу аз, сонымен әдебиет жайлы ғылыммен тиянақты таныс болу қажет, Әсіресе, теориялық ұғымдарды толық меңгерген жөн.

Қазіргі таңда әдебиет көркем шығарманы эстетикалық және этикалық тұрғыдан жан-жақты қарастыруға ұмтылады. Көркем шығарманы танып білумен ғана шектелмейді, сонымен бірге әсер етуге де талпынады.

Қорыта айтқанда, Мақатаев өнімді еңбектің адамы. Ол лирикалық өлеңдер де, поэма да, драмалық, прозалық шығармалар, сын мақалалар, зерттеулер де жазды. Солардың бәрінде де ол - алдымен ақын, оның драмалық, прозалық еңбектерінің өзі - поэзия. Лирикалық сезім байлығы, монолог үлгісінің молдығы, өлеңге тән көтеріңкі леп, автор ойының басымдылығы, ақындық пафос, бәрі де оның басқа жанрдағы шығармаларын поэзияға жақындата түседі. Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығының даралық сипатын, жаңашылдығын жан-жақты зерттеу - алдағы күннің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі. Ақын еңбегі - қазақ әдебиеті тарихының ең бір жарқын, ойлы беттерін құрайды.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Каримов И.А. Ўзбекистон, ХХІ асрга интилмоқда. Тошкент, «Ўзбекистон», 1999
2. М.Мақатаев «Аққудың қанатына жазылған жыр» Алматы. 2001.
3. М.Мағауин. Қобыз сарыны. Алматы. 1992
4. Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алм. 2000
5. Жинақ. Бес ғасыр жырлайды. Алм. 1989.
6. Жинақ. Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. 2004.
7. Тілешова С. Мәнерлеп оқу. Алматы, 1998

- 8.З.Қабдолов,С.Қирабаев,Х.Әдібаев.Қазақ әдебиеті.Алматы,2007.
- 9.Егеубаев А.Мұқағали Мақатаев.Қазақ әдебиетінің тарихы.9-том.Алматы,2005.
- 10.Мақпыров С. Әдебиеттану. Хрестоматия. Құраст: – Алматы, 1991.
- 11.Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім.- Алматы, 1991.
- 12.Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы, 1992
- 13.Кеңес дәуірі әдебиеті. Қирабаев С. Алматы, КазМУ, - 2003 жыл.
- 14.Қазақ әдебиетінің (30-40 жыл) тарихы. А. Қоңыратбаев. Алматы Санат, - 2004 жыл.
- 15.Қазіргі қазақ әдебиеті Ж. Дәдебаев. Алматы – 2005.
- 16.Қазақ тәдебиеті тарихи. Сүйіншалиев Х. Алматы, Санат, - 2000 жыл.
- 17.Сөз өнері. З.Қабдолов. Алматы Санат, - 2002 жыл.
- 18.Қазіргі қазақ әдебиеті. Ж..Дәдебаев. Алматы КазГУ, -2004 жыл.
19. Әдебиет теориясы. Қ.Жумалиев. Алматы, Білім, -1989 жыл.
- 20.Қазақ әдебиетін оқыту методикасы Құрастырған И .Абдуалиев Ташкент 2007.
21. Әдебиет теориясы. Қ.Жумалиев. Алматы, Білім, -1989 жыл.
22. Әдебиет теориясы. Қ.Жумалиев. Алматы, Білім, -1989 жыл.
- 23.Егеубаев А.Мұқағали Мақатаев.Қазақ әдебиетінің тарихы.9-том.Алматы,2005.
24. М. Базарбаев. Әдебиет және дәуір. Алматы. 1990.
25. М. Сықақбаев. Шығарма шырайы шындық. Алматы 1989.
26. З. Қабдолов. Арна. Алматы 1988.
27. Омаров С. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың тиімді жолдары. (Мұғалімдерге көмекші құрал). Ташкент,1993. – 36 бет.
- 28.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы: Рауан, 1997. 7-11 еттер.
- 29.Аманғалиева Ж. Мұқағали өлеңдерін тіл сабағында пайдалану. журнал: Қазақ тілі және әдебиеті 2007ж № 12 20-22 бет.
- 30.Ахметова А Абай және Мұқағали шығармаларындағы үндестік. журнал: Қазақ тілі және әдебиет 2007 ж № 8 36-40 бет
- 31.Әбенқызы А. М.Мақатаевтың «Қара олең» шығармасын оқыту. журнал: Қазақ әдебиеті 2005 ж №7 27-30 бет
- 33.Ақранова Г. Ақын рухымен сырласу. журнал: Қазақ тілі және әдебиеті 2006 ж № 2 49-50 бет.

- 34.Бейсебаев Н. Мұқағали афоризмдері журнал: Қазақ тілі және әдебиеті 2007 ж № 11 106-107 бет
- 35.Берікбаев К. Менен сәлем дегейсің сұрағанға. журнал: Қазақ тілі және әдебиеті 2006 ж №2 51-56 бет
- 36.Еркінұлы Т. М.Мақатаев Барлығыда сендердікі «Мен таулықпын». журнал: Қазақ тілі және әдебиеті 2006 ж № 3 60-63 бет
- 37.Мәмбетов К. М.Мақатаевтың «Мұз бұлақ» поэмасындағы Бауыржан Момышұлының бейнесі журнал: Қазақ тілі және әдебиеті 2006 ж №7 62-65 бет.
- 38.Мәрденова М. Аққулар ұйықтағанда журнал: Қазақ тілі және әдебиеті 2006 ж № 2 44-46 бет
- 39.Коскова А. Мұқағали өлеңдерінде анафора мен эпифораның қолдалынуы. журнал: Қазақ тілі және әдебиеті 2003 ж №9 81-86 бет.
- 39.Тәкей Т Мұқағалидың «Елім барда» өлеңі журнал:Қазақ тілі және әдебиеті 2007 ж №9 54-58бет
- 40.Мәрденова Ш. Аққулар ұйықтағанда журнал:Қазақ тілі және әдебиеті 2003 ж №7 124-127 бет.
- 41.Рахымова Ә.Мұқағали өлеңдеріндегі (түн мен таң суреті) кейіптеулер журнал: Қазақ тілі және әдебиеті 2006 ж № 9 93-95 бет.
- 42.Онғарова Г. «Мұқағали поэзиясының көркемдік қуаты» журнал: Қазақ тілі және әдебиеті 2006 ж №10 79-83бет.
- 43.Мақатаев. М. Қош махаббат А,. Жазушы 1988 ж
- 44.Мақатаев. М. Қарасаздан ұшқан қарлығаш А,. Жалын 1999 ж
- 45.М.Мақатаевтың IV-томдық шығармалар жинақтары және туған күніне байланысты әр жылғы «Жетісу» «Егемен Қазақстан» секілді газет басылымдары пайдаланылды.
- 46.М.Мақатаев «Жырлайды жүрек» Жазушы 1989 ж.
- 47 Әдебиет жайлы ойлар А,. Жазушы 1968 ж.